



## МАЗМҰНЫ

1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ.....	2- 9
1.1. Білім беру бағдарламасы туралы жалпы ақпарат .....	2
1.2. Университет бағдары, миссиясы, бағдарламалық мақсаты, құндылықтары, түлек атрибуттары ..	2 - 3
1.3. Білім беру бағдарламасының негіздемесі .....	3 - 5
1.4. Білім беру бағдарламасының ерекшеліктері .....	5
1.5. Бағыт әлеуеті және түлектің қызмет атқаратын орындары .....	5 - 7
1.6. Кәсіби құзыреттіліктер салалары .....	7
1.7. Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері .....	7 - 8
1.8. Нормативтік сілтемелер .....	8 - 9
2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ .....	9 - 11
2.1. Пәндер мен модульдер бойынша мәлімет .....	12- 29
3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ РЕСУРСТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІЛУІ .....	30-33
3.1. Кітапхана қоры .....	30
3.2. Кадрлық қамтамасыз ету .....	30-31
3.3. Материалдық-техникалық база .....	31
4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ДАМУ ЖОСПАРЫ .....	31-33
5. ОҚУ ЖОСПАРЫ.....	33



## 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Жұмыс берушілердің талаптары мен қоғамның әлеумет сұранысын ескере отырып, өзінің кәсіби білімі мен практикалық дағдыларын табысты іске асыруға ж бәсекеге қабілетті дене шынықтыру педагогикалық кадрларын даярлау.

### 1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Білім беру бағдарламасының түрі	Ағымдағы
Білім беру бағдарламасының атауы	6В01403 Дене шынықтыру және спорт
Білім беру саласы	6В01 - Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыты	6В014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау
Білім беру бағдарламасының тобы	В005 - Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау
Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы	Білім беру бағдарламасы 6В014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен «04» тамыз 2020 ж. берілген № KZ75LAA00018542 лицензия негізінде іске асырылады.
БББ Тізіліміндегі № және тіркеу/жаңарту күні	
ҰБТ пәндері	1. Шығармашылық емтихан 2. Шығармашылық емтихан
ҰБШ бойынша деңгейі	Бакалавриат, деңгей 6
Берілетін дәреже	6В01403 Дене шынықтыру және спорт білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
Білім беру бағдарламасын аккредиттеу	АРТА, 24.05.2019 - 23.05.2024 жж.
Білім беру бағдарламасының рейтингі	<i>Атамекен:</i> 2021 ж. – 34 ішінен 23 орын; 2022 ж. – 35 ішінен 19 орын; <i>АРТА:</i> 2021 ж. - 4 орын; 2022 ж. – 4 орын
Жалпы академиялық кредит саны	240
Оқу мерзімі	4 жыл

### 1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

#### Бағдары:

Тез өзгеретін әлемде басқаруға қабілетті педагогтарды дамытатын зияткерлік платформа.

#### Миссиясы:

Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

#### Бағдарламалық мақсаты:

Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуы мақсат етеді.



### Құндылықтары:

Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық және қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік.

### Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға е ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білесін тұлға

### 1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

*Білім беру бағдарламасының өзектілігі:* - жаһандану және еңбек нарығындағы бәсекелестік бүгінгі таңда білім беру процесінің тиімділігі мен сапасын қамтамасыз етудегі талаптардың артуына алып келеді. Дене шынықтыру және спорт үшін кадрлар даярлау-болашақ мұғалімдердің кәсіби даярлығын және ғылым, мәдениет, білім беру, бизнес, ұлттық саясат және халықаралық байланыстар саласындағы үйлестірілген іс-қимылдарды жаңғыртуды талап ететін көп деңгейлі және әртүрлі міндет. Дене тәрбиесінің жалпы мағынасын, жеке тұлғаның қоғамдағы рөлін, тиімділікті арттыру және білім беру процесінің сапасын қамтамасыз ету туралы көзқарасқа негізделген.

Дене шынықтырудың негізгі рөлі, дене шынықтырудың мәні және оны адамның физикалық жетілуі үшін қолдану заңдылықтары туралы ғылыми білімнің жалпыланған жүйесі ретінде, адамның психофизикалық денсаулығына қойылатын жоғары талаптармен және оқушылардың қажетті қозғалыс дағдыларын, адамгершілік, ерік-жігер, интеллектуалдық қасиеттерін тәрбиелеу мақсатында оның жас ұрпаққа жағымды әсерімен анықталады.

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт туралы Заңында, «Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері мен міндеттері» деген бапта: « - Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясат барлық жеке тұлғалар үшін дене шынықтыру және спортпен айналысудың теңдігі мен жалпыға қол жетімділігі қағидаттары негізінде жүргізіледі; - халықтың әртүрлі жас топтарының дене тәрбиесінің үздіксіздігі мен сабақтастығы; - дене шынықтыру мен спортты қолдау және ынталандыру». [https://kodeksy.kz.com/ka/o\\_fizicheskoi\\_kulture\\_i\\_sporte.htm](https://kodeksy.kz.com/ka/o_fizicheskoi_kulture_i_sporte.htm), «Мемлекет білім беру ұйымдарында оқу мақсаттары үшін дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарының кешенін, жабдықтардың үлгілік жиынтығын, әртүрлі бейіндегі дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандарды даярлауға арналған мамандандырылған спорт ғимараттары мен жабдықтармен қамтитын материалдық-техникалық базаны нығайтуға жәрдемдеседі». [https://kodeksy.kz.com/ka/o\\_fizicheskoi\\_kulture\\_i\\_sporte.htm](https://kodeksy.kz.com/ka/o_fizicheskoi_kulture_i_sporte.htm),

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі, 2016 жылғы 11 қаңтардағы № 168 тұжырымдамасында «Мемлекет сонымен қатар дене шынықтыру саласындағы жастардың қоғамдық ұйымдарын дамытуға жүйелі қолдау көрсететін болады» делінген, денсаулық пен жан – жақты дене дамуын нығайтуға бағытталған жастар арасында дене шынықтыру-сауықтыру және тәрбие жұмысының кешенді іс-қимыл жоспарын әзірлеуге шақырады».

Білім беру бағдарламасы кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған классикалық және инновациялық мазмұндағы пәндер кешенін ұсынады, бұл “Дене шынықтыру және спорт” мамандығының түлектеріне мектептегі білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыруға, жаһандық сын-қатерлер, бәсекелестік жағдайында шешім қабылдауға және адами капиталдың дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты дене шынықтыру және спорт саласындағы жаңа әдістемелері, білімдері бар мамандарды даярлау өзекті болып отыр.

*Нарық қажеттілігі:* Қазақстанның дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатының маңызды бағыттарының бірі бұқаралық спортты дамыту болып табылады. Бұқаралық спортты халық арасында насихаттау салауатты ұлтты қалыптастырудың кілті болып табылады. 2020 – 2022 жылдары елімізде дене



шынықтырумен және спортпен жүйелі түрде айналысатын азаматтар саны 31,4% - дан 38,4% - ға дейін өсті.<sup>3</sup><https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000251>

Қазіргі уақытта білікті дене шынықтыру қызметкерлері, атап айтқанда дене шынықтыру мұғалімі, жаттықтырушы, сауықтыру дене шынықтыру әдіскері (нұсқаушысы), емдік дене шынықтыру әдіскері (нұсқаушысы) және т. б. спорттық бизнесте қажет, сұлулық индустриясында, туристік сала және әлеуметтік салада, бейімдік дене шынықтыру, мүгедектер спорты және басқа да емдеу және білім беру мекемелеріне арналған сауықтыру гимнастикасының түрлерінен мамандарға сұраныс тудыратын сұранысқа ие мамандықтар .

#### 1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	1. Емдік және бейімдік дене шынықтыру нұсқаушы
---	--

**Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі**

1. Ұлттық спорт академиясы. Васил Левски, София қаласы - 68%
2. Бейжің дене шынықтыру университеті. «Дене шынықтыру бакалавры» - 50%
3. Варшава жоғары спорт жаттықтырушылары мектебі - 53%

#### 1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

«Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры келесі кәсіби қызметтің түрлерін орындай алады:

**Білім беру (педагогикалық)** - дене шынықтыру мұғалімдері.

**Жаттықтырушы (спорттық)** - таңдалған спорт түрінен жаттықтырушы.

**Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет айқындалады:**

- мектептегі білім берудің оқу-тәрбие құрылымдарында дене шынықтыру бойынша педагогикалық қызметті ұйымдастыру және өткізу; спорттық мерекелер мен жарыстарға төрешілік;

- мектеп және мектепке дейінгі оқу орындарында, колледждерде, орта кәсіптік білім беру мекемелерінде, дене шынықтыру ұжымдарында, балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінде және спорт клубтарында сабақтан тыс уақытта, сондай-ақ жазғы спорттық-сауықтыру лагерлері мен туристік базалардың жұмыс істеу кезеңінде дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру;

- туристік, мәдени-ойын-сауық және оқу-танымдық іс-шараларды өткізуге бағытталған дене шынықтыру ұжымдарында, клубтарда әлеуметтік-сауықтыру (рекреациялық) жұмысын ұйымдастыру;

- оңалту орталықтарында, жүзу бассейндерінде, ЕДШ және БДШ кабинеттерінде дене шынықтыру жаттығулары құралдарымен, әртүрлі жастағы, жыныстағы және денсаулық деңгейіндегі адамдардың дене және функционалдық жай-күйі мен еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған емдеу-сауықтыру (оңалту) қызметін ұйымдастыру;

- дене шынықтыру жөніндегі мемлекеттік-басқару құрылымдарында әдіскер, дене шынықтыру жөніндегі нұсқаушы, әкімші, кабинет меңгерушісі, дене шынықтыру істері жөніндегі көмекші ретінде әкімшілік жұмысты орындауда.

**Ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру** жалпы білім беретін және ғылыми зертханаларда, мекемелерде, балалар спорт мектептерінде, спортшылар мен дене шынықтырумен айналысатын адамдарды рекреациялау және оңалту клубтарында дене шынықтыру саласында ғылыми зерттеулер жүргізумен байланысты.

**Ұйымдастыру-технологиялық қызмет** дене шынықтыруды оқытудың жаңа технологияларын, сондай-ақ оқытудың оңтайлы режимдерін таңдау және білім алушылардың ағзасына әсер ету мақсатында техникалық құралдарды, тренажерларды әзірлеу және оқу процесіне енгізумен сипатталады.

**Жобалық** іс-шаралар жаттығу жабдықтарын әзірлеуге, спорттық ғимараттарды, ойын алаңдарын, спорттық құрал-жабдықтар мен инвентарларды жобалауда консультативтік көмек көрсетумен байланысты.

**Ақпараттық-коммуникациялық** қызмет оқу орындарындағы, клубтардағы, мекемелердегі жағдай, даму, спорттық іс-шаралар мен мерекелер туралы ақпаратты мерзімді баспасөзде жариялаумен байланысты.

**Жұмысқа орналасу мүмкіндіктері:**

<sup>3</sup> Бөлім.2023 жылғы 28 наурыздағы № 251 Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған 2,1 тұжырымдамасы.



«Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалаврларының кәсіби қызметінің объектілері дене тәрбиесі және дене шынықтыру даярлығы, спорттық жетілдіру, рекреация, оңалту жүйелерін іске асыру жөніндегі педагогикалық процесс болып табылады. Алған білімі оған келесі ұйымдарда жұмысқа орналасуға мүмкіндік береді:

- мемлекеттік, қоғамдық, жекеменшік жалпы білім беретін және орта кәсіптік оқу орындары, спорт мектептері мен клубтары;
- фирмалар, мемлекеттік мекемелер, дене шынықтыру және спортты басқару органдары, дене шынықтыру, спорт және медициналық-биологиялық бейіндегі ғылыми-зерттеу мекемелері;
- қазіргі заманғы сауықтыру, оңалту орталықтары, тренажер залдары, жүзу бассейндері, ЕДШ және БДШ кабинеттері, спорттық туризмде.

Дене шынықтыру және спорт бакалавры, ретінде жұмыс істей алады:

- дене шынықтыру және дене тәрбиесі мұғалімдері;
- таңдалған спорт түрінен жаттықтырушы;
- емдік дене шынықтыру және массаж әдіскері;
- бейімделген дене шынықтыру нұсқаушылары;
- сауықтыру фитнес саласындағы әдіскер.

## 1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

### 1- Кәсіби құзыреттілік саласы:

- Дене шынықтыру мұғалімінің педагогикалық, оқу-тәрбие, ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметін жіктеу, ұйымдастыру, білім беру және оқу-жаттығу процесін басқарудың заманауи формалары мен технологияларын түрлендіруге және жетілдіруге, педагогикалық шеберлік әдістерін көрсете отырып, салауатты өмір салтын насихаттау әдістерін модельдеуге қабілетті.

### 2 - Кәсіби құзыреттілік саласы:

- Психологиялық-педагогикалық тұжырымдамаларды, жаратылыстану пәндерін, ғылыми негізделген құралдар мен әдістерді, қозғалыс әрекеттерін оқытудың ұйымдастырушылық-практикалық және инновациялық технологиялары мен кәсіби қызмет процесінде физикалық қасиеттерді дамытуды қолдану.

### 3 - Кәсіби құзыреттілік саласы:

- Жасын, жынысын, спорттық біліктілігін ескере отырып, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін білім беру, сауықтыру, оңалту міндеттерін шешуге қабілетті жеке тұлғаның дене дайындығын және дене шынықтыру жүйесін басқару мен тәжірибеге бағдарланған оқытуды жоспарлаудың заманауи тиімді әдістерін, стратегияларын іске асыру.

### 4 - Кәсіби құзыреттілік саласы:

- Зерттеу қызметін жүргізу процесінде дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесінің негізгі әдіснамалық және дүниетанымдық мәселелерін түсіну, цифрлық ақпарат пен АКТ-технологиясын пайдалану, оқу-жаттығу процесін түзету үшін педагогикалық тәжірибені жүйелеу.

## 1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

**ОН 1** - Әлеуметтік-мәдени әртүрлілікті ескере отырып, қарым-қатынастың әртүрлі форматтарын пайдаланады, әл-ауқатты және инклюзивті ортаны қалыптастыруда білім берудегі теңдік пен қолжетімділік қағидаларын құрметтейді, көшбасшылық қасиеттерге ие және оларды ұжымдық әлеуетті дамыту үшін қолдана алады.

**ОН 2** - Кәсіби тапсырмаларды орындау үшін өзін-өзі реттеу мен рефлексияға қабілетті, жоғары деңгейдегі сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын меңгерген.

**ОН 3** - Сандық технологияларды зерттеулер мен қолдануда әдеп және құқықтық нормаларды сақтайды және біледі. Сандық ақпаратпен және деректерді қорғаумен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік шараларын қолданады, сандық ресурстарды белсенді, қауіпсіз және әдепті пайдалануға ықпал етеді.

**ОН 4** - Дене шынықтыру және спорт саласындағы әлеуметтік және кәсіби қызметтегі білім беру, тәрбие және сауықтыру міндеттерін шешу үшін ойлаудың тәуелсіздігін, аналитикалық және диагностикалық дағдыларды қалыптастырады.

**ОН 5** - Дене шынықтыру бойынша мектептік білім беру жүйесінде, оңалту саласында, оның ішінде қазіргі заманғы оқыту технологияларын пайдалана отырып, ЕББ қажеттіліктері бар балалармен педагогикалық, оқу-тәрбие, ғылыми-әдістемелік, ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметті ұйымдастыруды жіктейді.



**ОН 6** - Дене шынықтыру мен спорттағы қазіргі заманғы үрдістерді талдау үшін білім алушылардың жас, физиологиялық, тұлғалық, әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін түсінуді көрсету және жаңартылған білім беру мазмұны, оның ішінде критериалды бағалау технологиялары шеңберінде оқыту әдістерін, құралдары мен нысандарын практикада қолдану.

**ОН 7** - Оқушылардың жынысы-жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу және бәсекелестік іс-әрекет процесінде мектеп бағдарламасы бойынша спорт түрлерімен шұғылданатындарды оқытудың туындайтын ситуациялық міндеттеріне сәйкес оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу, техникалық-тактикалық даярлаудың кәсіби маңызды әдістері мен нысандарын модельдеу және жетілдіру қабілетіне ие.

**ОН 8** - Дененің физиологиялық мүмкіндіктеріне, қалпына келтіру құралдарына байланысты дене белсенділігінің төзімділігін бақылаудың жаратылыстану-ғылыми, медициналық-биологиялық әдістерін, олардың жаттығу көрсеткіштеріне әсерін бағалау кезінде, кәсіби қызмет процесінде қолданады.

**ОН 9** - Санитарлық-гигиеналық, климаттық және аймақтық жағдайларды ескере отырып, халықтың әртүрлі санаттарының физикалық, функционалдық, психологиялық және спорттық дайындық деңгейін жоспарлау және басқару технологиясын меңгерген.

**ОН 10** - Дене шынықтыру қызметінің түрлі салаларында, оның ішінде балалар-жасөспірімдер және паралимпиадалық спорт саласында оқу-әдістемелік, дене шынықтыру-бұқаралық, сауықтыру және оңалту жұмыстарын құру іскерліктері мен дағдыларын іске асырады.

#### БББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН 1	ОН 2	ОН 3	ОН 4	ОН 5	ОН 6	ОН 7	ОН 8	ОН 9	ОН 10
ТА1	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ТА 2	+		+	+		+	+	+		+
ТА 3	+	+	+		+	+	+	+	+	+
ТА 4	+	+	+	+	+	+	+	+	+	+
ТА 5	+		+		+	+	+	+	+	+
ТА 6	+	+	+	+	+		+	+	+	+

#### 1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

##### Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларының тізілімін қалыптастыру және жүргізу мәселелері бойынша нұсқаулық хат 16.02.2022 №1550/04-39

2. «Педагогикалық Ғылымдар» білім беру саласының білім алушылары үшін педагогикалық практиканы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 27.03.2023 №125 Бұйрық

3. "Педагог" кәсіптік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы.

4. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.



## 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

№	Модуль коды мен атауы	Кредиттердің жалпы саны	№	Пән коды және атауы	Пәннің академиялық кредит	Цикл/компонент
1	<b>GES -1</b> Жалпы білім беретін пәндер модулі	36	1	<b>GES 101</b> Қазақстан тарихы	5	ЖБП/ МК
			2	<b>GES 102</b> Философия	5	ЖБП/ МК
			3	<b>GES 103</b> Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану, Психология)	8	ЖБП/ МК
			4	<b>GES 1(2)04</b> Дене шынықтыру	8	ЖБП/ МК
			5	<b>GES 205</b> Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5	ЖБП/ МК
			6	<b>GES 106/1</b> Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері/ <b>GES 106/2</b> Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері/ <b>GES 106/3</b> Экономика және кәсіпкерлік негіздері/ <b>GES 106/4</b> Көшбасшылық негіздері және инновацияларға бейімделу/ <b>GES 106/5</b> Эмоционалды интеллект <b>GES 106/6</b> Математикалық статистика негіздері	5	ЖБП/ ТК
2	<b>GLC -2</b> Тілдік коммуникация	25	1	<b>GLC 101</b> Қазақ (Орыс) тілі	10	ЖБП/ МК
			2	<b>GLC 102</b> Шетел тілі	10	ЖБП/ МК
			3	<b>GLC 203</b> Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі	5	БП/ЖК
3	<b>GER – 3</b> Жаһандық этика және ғылыми зерттеулер	24	1	<b>GER 201</b> Инклюзивті білім беру	6	БП/ ЖК
			2	<b>GER 402/1</b> Педагогикалық зерттеулер негіздері	10	БП/ ЖК
			3	<b>GER 303</b> Кәсіби этика және сәйкестік	6	Бейіндеуші пән / ЖК
			4	<b>Р(Р)Р 404</b> Дипломалды (педагогикалық) практика	2	Бейіндеуші пән / ЖК
4	<b>GPS – 4</b> Жалпы педагогикалық пәндер	21	1	<b>GPS 201</b> Педагогикалық психология	6	БП/ ЖК
			2	<b>GPS 202</b> Педагогика және дидактика	6	БП/ ЖК
			3	<b>GPS 303</b> Критериялды бағалау технологиясы	5	БП/ ЖК
			4	<b>СТ(І)Р 104</b> Үздіксіз оқу (танысу) практика	2	БП/ ЖК
			5	<b>С(Р)Р 205</b> Үздіксіз (психология-педагогикалық) практика	2	БП/ ЖК
5	<b>FPS – 5</b> Дене шынықтыру және спорт негіздері	25	1	<b>FPS 101/1</b> Дене шынықтыру және қазақ ұлттық спорт түрлерінің тарихы	6	БП/ТК
				<b>FPS 101/2</b> Олимпиадалық және халықаралық қозғалыс		
			2	<b>FPS 202</b> Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесінің негіздері	5	БП/ЖК
3	<b>FPS 203/1</b> Спорттық қондырғылар және дене шынықтыру мен спортты материалдық-техникалық қамтамасыз ету <b>FPS 203/2</b> Мектеп жасына дейінгі балалардың	5	Бейіндеуші пән /ТК			



				дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі		
			4	<b>FPS 204</b> Балалар мен жасөспірімдер спорты және бұқаралық спорт қызметі	5	Бейіндеуші пән /ЖК
			5	<b>FPS 405/1</b> Дене шынықтыру және спорт менеджменті	4	Бейіндеуші пән /ТК
				<b>FPC 405/2</b> Спорттық бағдарлау және туризм.		
6	<b>MBD – 6</b> Медициналық-биологиялық пәндер модулі	10	1	<b>MBD 101/1</b> Спорттық морфология негіздерімен жас ерекшелік физиология және анатомия	5	БП /ТК
				<b>MBD 401/2</b> Дене жаттығуларының биохимиясы		
			2	<b>MBD 402</b> Дене тәрбиесі және спорт түрлерінің физиологиялық негіздері	5	Бейіндеуші пән / ЖК
7	<b>РТР– 7</b> Дене шынықтыру біліміндегі педагогикалық технологиялар	27	1	<b>РТР 201</b> Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі	6	БП/ЖК
			2	<b>РТР 302</b> Мектептегі оқу қызметін ұйымдастыру және жоспарлау	5	Бейіндеуші пән /ЖК
			3	<b>РТР 303</b> Оқушылардың дене тәрбиесінің педагогикалық технологиялары	5	Бейіндеуші П/ ЖК
			4	<b>РТР 304</b> Базалық спорт түрлерін оқыту әдістері (мектеп бағдарламасы бойынша)	5	Бейіндеуші пән /ЖК
			5	<b>РР 305</b> Педагогикалық практика	6	БП/ ЖК
8	<b>MTBS - 8</b> Базалық спорт түрлерін оқыту әдістемесі	49	1	<b>MTBS/201/1</b> Жүзуді үйрену әдістемесі	5	БП/ТК
				<b>MTBS/201/2</b> Аквааэробика		
			2	<b>MTBS 302/1</b> Гимнастиканы және ритмопластиканы оқыту әдістемесі	5	БП/ТК
				<b>MTBS 302/2</b> Акробатика		
			3	<b>MTBS 303/1</b> Жеңіл атлетиканы оқыту әдістемесі	5	БП/ТК
				<b>MTBS 303/2</b> Шығыс жекпе-жегі		
			4	<b>MTBS 304/1</b> Қысқы спорт түрлері	5	БП/ТК
				<b>MTBS 304/2</b> Қозғалыс белсенділігінің биомеханикасы		
			5	<b>MTBS 305/1</b> Спорттық ойындар	8	БП/ТК
				<b>MTBS 305/2</b> Тәрбие жұмысының әдістемесі		
6	<b>MTBS 306/1</b> Волейбол және қозғалыс ойындарды оқыту әдістемесі	5	БП/ТК			
	<b>MTBS 306/2</b> Мектепте арнайы медициналық топтарда сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру					
7	<b>Р(Р)Р 407</b> Өндірістік (педагогикалық) практика	16	Бейіндеуші пән / ЖК			
9	<b>Minor</b> Сауықтыру технологиялары	15	1	<b>(M)WT 401</b> пән 1	5	БП/ТК
			2	<b>(M)WT 402</b> пән 2	5	БП/ТК
			3	<b>(M)WT 403</b> пән 3	5	БП/ТК
10	<b>Қорытынды аттестаттау</b>	8	1	<b>WDDP(P)FC 401</b> Дипломдық жұмысты (жобаны) жазу және қорғау немесе кешенді емтихан тапсыру	8	ҚА
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>		<b>240</b>			<b>240</b>	





«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ  
Педагогика және психология институты



## 2.1. ПӘНДЕР МЕН МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

### GES-1 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН ПӘНДЕР МОДУЛІ

*Модуль сипаттамасы:* Модуль адамның өмірі мен жұмысының барлық салаларында ақпараттық сауаттылықты дамытуға ықпал ететін міндетті пәндер жиынтығымен ұсынылған. Модуль пәндері ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру арқылы бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымын, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға, салауатты өмір салтына, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа жетуге бағытталған. Студенттер философияның дамуы және рефлексия әдістемесінің ғылымның дамуына әсері туралы жалпы мағлұмат ала отырып, мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен өзіндік ерекшеліктерін түсіне алады, Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін талдайды.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	<b>GES 101</b> Қазақстан тарихы	ЖБП/ МК	5	Пәннің мақсаты – студенттерге Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі дамуының негізгі кезеңдері туралы білім беру болып табылады. Оқыту нәтижесінде студенттер: Қазақстан тарихының негізгі даму кезеңдері туралы білімдерін және түсінігін көрсетеді; өткен тарихи құбылыстар мен оқиғаларды сыни талдау арқылы адамзат қоғамының дүниежүзілік-тарихи дамуының жалпы парадигмасымен салыстырады; қазіргі Қазақстанның тарихи процестері мен құбылыстарын зерттеуде аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын меңгереді; қазіргі қазақстандық даму моделінің имманенттік ерекшеліктерін объективті және жан-жақты түсіне біледі; Қазақстан тарихындағы тарихи құбылыстар мен процестерді жүйелейді және сыни тұрғыдан бағалайды.	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; Фишбоун әдістері; қонақ дәрістер; топтық жұмыс; менталды карта әдісі	ОН 1; ОН 2	Эсселер, презентациялар, ауызша емтихан
2	<b>GES 102</b> Философия	ЖБП/ МК	5	Бағдарламаның мақсаты – студенттерде философияны әлемді танудың ерекше формасы ретінде, оның негізгі бөлімдері, мәселелері мен болашақ кәсіби іс-әрекеттер контекстінде оларды зерттеу әдістері туралы тұтас түсінігін қалыптастыру болып табылады. Философияның тарихи дамуы контекстінде онтология мен метафизиканың негізгі мазмұнын сипаттайды.	Рольдік ойындар; іскерлік ойындар; жобалар әзірлеу; тренингтер; миға шабуыл	ОН 2; ОН 3	Тест; эссе талқылау
3	<b>GES 103</b> Әлеуметтік-саясаттану білім модулі (Әлеуметтану, Саясаттану, Мәдениеттану,	ЖБП/ МК	8	Бағдарламаның мақсаты – қоғамдық сананы жаңғырту міндеттерін шешу жағдайында студенттердің әлеуметтік-гуманитарлық дүниетанымын қалыптастыру болып табылады. Студенттер осы пәндердің өзара байланысын, олардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына, қоғамдық қатынастар, мәдени құндылықтар мен саяси жүйеге әсерін білетін болады. Пән аналитикалық ойлауды, сыни тұрғыдан	Кейстер; презентациялар; диаграммалар; сұрақ-жауаптар; топтық жаттығулар; интербелсенді	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Тест; кейс талдау; презентация қорғау; мақалаларды, баяндамаларды талқылау



	Психология)			ойлау мен күрделі әлеуметтік құбылыстарды түсіну қабілетін дамытады, сонымен қатар студенттердің толеранттылығы мен азаматтық белсенділігін қалыптастыруға ықпал етеді.	әдістер		
4	<b>GES 1(2)04</b> Дене шынықтыру	ЖБП/ МК	8	Бағдарламаның мақсаты-денсаулық сақтау технологиялары арқылы студенттердің қозғалыс мәдениеті мен қасиеттерін тәрбиелеу. Студенттер әртүрлі спорт түрлері арқылы физикалық, психофизикалық және жеке қасиеттерін, өзін-өзі диагностикалау, ұжымдық жұмыс жасау, салауатты өмір салтына ынтасын арттыру және кәсіби қызметке дайындау дағдыларын дамытады.	Демонстрациялық әдіс, тәжірибеге бағытталған әдіс, тренинг	ОН 2; ОН 3	Бақылау нормативтері; дифф. сынақ
5	<b>GES 205</b> Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	ЖБП/ МК	5	Бағдарламаның мақсаты – студенттерде процестерді, ақпаратты іздеу, сақтау және өңдеу әдістерін, сандық технологиялар арқылы ақпаратты жинау және беру әдістерін сыни тұрғыдан бағалау және талдау қабілетін дамыту болып табылады. Студенттер ақпараттық ресурстарды іздеу және бағалау, деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және технологияны пайдалана отырып тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын меңгереді. Олар алған білімдерін есептерді шешуде қолданады, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануда сыни тұрғыдан өздігінше ойлай алады.	Проблемалық оқыту әдісі; дискуссиялық (пікір-талас) әдісі; жобалау әдісі; кейс-стади.	ОН 2; ОН 3	Тест, жоба
	<b>GES 106/1</b> Құқықтық сауаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері			Курс құқықтық сауатты, заңға бағынатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталған. Студенттер өздерінің құқықтары мен міндеттерін біледі және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік танытады. Студенттер өз қызметінде қазақстандық қоғамның әлеуметтік, құқықтық және этикалық нормаларын қолдана алады. Курс заңдылық түсініктерін, этикалық қағидалары мен қоғамдағы сыбайлас жемқорлықпен күрес қағидаларын дамытады.	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; Фишбоун әдістері; қонақ дәрістер	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Эсселер; презентациялар; жазбаша емтихан
	<b>GES 106/2</b> Экология және тіршілік қауіпсіздігі негіздері			Пән студенттердің заманауи экологиялық білімі мен мәдениетін қалыптастырады, өмір қауіпсіздігі үшін техникалық құралдар мен технологиялық процестердің қауіпсіздігін арттыру әдістерін қолдану дағдыларын дамытады. Пән әртүрлі деңгейдегі ұйымның экожүйелері қызметінің, тұтастай биосфераның негізгі заңдылықтарын, адам мен табиғаттың өзара қарым-қатынасында туындайтын қайшылықтарды, сондай-ақ табиғат пен	Кейс, фишбоун, Т кестесі; "ДЖИК СО" әдісі, "Венн диаграмма" әдісі, "Кластер" әдісі	ОН 1; ОН 2.	Ауызша сауалнама; эссе.; емтихан (жазбаша, тест)



6		ЖБП/ ТК	5	экологияға ұқыпты қарау қажеттігін айқындайды			
	<b>GES 106/3</b> Экономика және кәсіпкерлік негіздері			Пән студенттердің кәсіпкерлік дағдылары мен іскерлік ойлауын қалыптастыруға бағытталған. Студенттер экономиканың, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру шарттарын, оның ішкі және сыртқы ортасының заңдылықтарымен жан-жақты танысу арқылы бизнес-жоспар, жеке бизнесті құру және өз бизнесін сәтті жүргізу дағдыларына ие болады	Кейс-стади әдісі; миға шабуыл; методы Фишбоуна; гостевые лекции; Метод проектов	ОН 1; ОН 3	Эсселер, презентациялар, жобалар, тест
	<b>GES 106/4</b> Көшбасшылық негіздері және инновацияларға бейімделу			Пәнді игеру арқылы әрбір студент жеке тұлға ретінде көшбасшылық қасиеттерін ашу және дамыту, инновациялық үдерістерден туындаған жаңалықтарға бейімделу дағдыларын дамыту, сонымен бірге ғылыми-техникалық үдерістер нәтижелерін кәсіби қызметінде қолдана алу мүмкіндіктеріне үйренеді. Басқарудағы көшбасшылық қасиеттер мен адами фактордың қазіргі жағдайы мен даму перспективаларын оқып біледі	Төңкерілген оқыту, жағдаттық (ситуативное) оқыту (Кейс жинау), технологиялық оқыту (Padlet тақта, канва қосымшасы, комикстер,	ОН 1; ОН 2	Ауызша (кейстерди шешу)
	<b>GES 106/5</b> Эмоционалды интеллект			Пән Қазақстанның мемлекеттік білім беру саясатының стратегиялық бағдарлары мен басым бағыттары контекстіндегі педагогтың тьютор рөлін игеруіне бағытталған. Студенттер қазіргі мектептің білім беру процесіндегі эмоционалды интеллекті мен «икемді құзыреттіліктердің» орнын анықтайды. Икемді дағдыларды, соның ішінде оны цифрлық ортада дамытуды ескере отырып, білім беру қызметін ұйымдастырудың заманауи әдіс-тәсілдері мен технологияларын қолдана алады. Өртүрлі жастағы оқушылардың эмоционалды интеллектісін бағалау мен дамытудың технологияларын меңгереді.	Рөлдік ойындар; оқу дискуссиялары; кейс-стади; жобалау әдісі.	ОН 1; ОН 3; ОН 4;	Критериалды бағалау әдісі; Жоба қорғау
	<b>GES 106/6</b> Математикалық статистика негіздері		Пәннің мақсаты - студенттерді жүйелі ойлаудың формалары мен заңдылықтарымен таныстыру, студенттерді жүйелі ойлауға үйрету, оларда негізделген дәлелдеу дағдыларын дамытуға көмектесу болып табылады. Студенттер деректерді жинау, өңдеу және идеялар ұсыну процесін түсінеді, қарастырылатын объектінің немесе құбылыстың жағдайын бағалауда деректерді сандық және сапалық талдауды қолдану дағдылары қалыптасады.	Түсіндіру; кейс-стади; топпен және жұппен жұмыс	ОН 1; ОН 2; ОН 3;	Жазбаша емтихан	



### GLC-2 ТІЛДІК КОММУНИКАЦИЯ

*Модуль сипаттамасы:* Модульді меңгеру барысында студенттерде қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеті қалыптасады. Студенттер жазбаша және академиялық жазылым тұрғысында ауызша сөйлеудің практикалық дағдыларын дамытады.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	<b>GLC 101</b> Қазақ (Орыс) тілі	ЖБП/МК	10	Пән қазақ (орыс) тілінде тілдік дайындықты дамытуды жалғастыруға бағытталған. Пәннің мақсаты – тілді сенімді меңгеру, оны кәсіби және оқу мақсатында қолдана білу болып табылады. Студенттер нақты бір тілде сауатты және тиімді сөйлеу дағдыларын дамытады, сөздік қорын кеңейтеді, грамматикалық және орфографиялық сауаттылығын, академиялық жазу дағдыларын жетілдіреді.	АКТ технологиялары; проблемалық-ізденіс оқыту технологиясы; сынақ технологиялары	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Тест
2	<b>GLC 102</b> Шетел тілі	ЖБП/МК	10	Пәннің мақсаты – студенттердің әртүрлі мақсатта шетел тілінде сөйлеу дағдыларын кеңейту және нақтылау болып табылады. Пәнді оқу барысында студенттер шетел тілінде тыңдау, сөйлеу, жазу және грамматика дағдыларын жаттықтырады және жетілдіреді, тұлғалық және кәсіби әлеуеттері байытады. Пәнді оқу барысында студенттердің мәдени ой-өрісі кеңейеді, мәдениетаралық қарым-қатынас дағдылары қалыптасады.	Коммуникативтік, АКТ технологиялары;	ОН 1; ОН 2; ОН 3	Тест
3	<b>GLC 203</b> Академиялық мақсаттағы ағылшын тілі	БП/ЖК	5	Пән студенттерде ғылыми стильдің жанрлық түрлері туралы білім қалыптастырады, кәсіби қызмет саласында ақпарат пен деректерді жинаудың, сақтаудың және өңдеудің заманауи әдістерін меңгертеді, сонымен қатар сөйлеу әрекетінің оқу, сөйлеу, сөйлеу. жазу, тыңдау сияқты төрт түрі бойынша академиялық байланыс дағдыларын дамытады.	RWCT стратегиялары	ОН 1; ОН 3; ОН 4	Эссе

### GER – 3 ЖАҒАНДЫҚ ЭТИКА ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

*Модуль сипаттамасы:* Модуль пәндері кәсіби қызметте қолданылатын жаһандық құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Студенттер жаһандық инклюзивті қоғам құруды құндылық ретінде қабылдайды және оны құру мен қолдауға үлес қосады. Студенттер кәсіби саладағы ғылыми зерттеулермен, мәліметтерді жинау мен талдаудың негізгі әдістерімен, мінез-құлықтың кәсіби этикасымен және кәсіби саладағы зерттеулермен танысады. Студенттер өздерін кәсіби саланың өкілімен сәйкестендіреді және байланыстырады және өзінің кәсіби дамуын жоспарлайды, кәсіби құзыреттіліктерін дамытуы және еңбек нарығындағы құндылықты арттыру үшін өмір бойы білім алуға ынталанады.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
---	--------------------	----------------	-------------	-----------------	----------------	-------------	------------------



		т					
1	<b>GER 201</b> Инклюзивті білім беру	БП/ ЖК	6	Пән студенттердің әрбір мүшесі өзінің құндылығы мен маңыздылығын сезінетін инклюзивті қоғам қағидалары туралы түсінігін қалыптастыруға және дамытуға бағытталған. Оқушылар жас ерекшеліктеріне байланысты физиологияны, анатомияны жақсы біледі, жасерекшелік физиологиясы туралы терең білімге сүйене отырып, танымдық дағдылардың қағидаларын түсінеді, ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасай алады, инклюзивті білім беру ортасын құрудың стратегияларын біледі және оны жүзеге асыра алады.	Мәселелік - бейімдеушілік оқыту, төңкерілген оқыту әдісі, рефлексивті оқыту, интербелсенді оқыту, мәселелік дәріс, іскерлік ойын, педагогикалық жағдаяттарды шешу, топтық және жеке жоба, презентация, реферат	ОН1; ОН 6; ОН 8	Ауызша және жазбаша емтихан, топтық және жеке презентация, топтық және жеке жоба, тест
2	<b>GER 402</b> Педагогикалық зерттеулер негіздері	БП/ ЖК	10	Пән педагогикалық зерттеу саласында зерттеушілік дағдыларды дамытуға бағытталған. Студенттер зерттеудің негізгі сапалық және сандық әдістерін біледі, ғылыми әдебиеттерді талдай алады, Action research, lesson study әдістемелерін, бақылау мен рефлексияны меңгерген. Студенттер деректерді өңдей алады және көпшілікке ұсыну үшін зерттеу нәтижелерін ауызша және жазбаша түрде құрастыра алады.	Жобалық оқыту	ОН 3; ОН 6; ОН 8;	Жобаны қорғау
3	<b>GER 303</b> Кәсіби этика және сәйкестік	Бейіндеуші пән / ЖК	6	Пәннің мақсаты – студенттерді кәсіби педагогикалық ортада қабылданған көзқарастармен, құндылықтармен, білімдермен, сенімдермен және дағдылармен таныстыру. Студенттер педагогикалық немесе басқа да қызмет аясында көшбасшылық және белсенділік дағдыларын, Қазақстанның ұлттық және мәдени құндылықтарына деген сүйіспеншілігін дамытады, кәсіби этикамен танысады, оны құндылық ретінде қабылдай отырып, қатаң сақтауды үйренеді. Студенттер мансап жолын жоспарлай отырып, өзін-өзі талдау және өзін-өзі басқару дағдыларын	Пікір талас әдісі; Кері байланыс әдісі, семинарлық әдіс; Кейс-стади	ОН 1; ОН 2 ОН 3 ОН 10	Жазбаша емтихан



				дамытады.			
4	<b>Р(Р)Р 404</b> Дипломалды (педагогикалық) практика	Бейіндеуш і пән / ЖК	2	Практиканың мақсаты - студенттердің алдыңғы оқу процесінде алған білімдері мен дағдыларын тереңдету және жалпылау, сондай-ақ студентті бітіру біліктілік жұмысын орындауға немесе дипломдық жобаны орындауға дайындау. Студенттер дене шынықтыру саласындағы заманауи тенденцияларды талдау және синтездеу кезінде теориялық және эксперименттік зерттеу әдістерін, аналитикалық тәсілдерді меңгере алады.	Зерттеу әдісі; білім беру пікірталастары	ОН 5; ОН 7 ОН 8;	Жоба, жобаны немесе дипломдық жұмысты қорғау

#### GPS – 4 ЖАЛПЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПӘНДЕР

*Модуль сипаттамасы:* Модуль педагогикалық мамандықтар үшін міндетті болып табылады және педагогикалық мамандықтың теориялық негіздері оқытылатын пәннің негіздерін ұсынады. Студенттер педагогиканың жалпы бөлімдерімен танысады, модульде психология икемді мазмұнда ұсынылған, ол педагогикалық контексте пайдалану үшін бейінді және қазіргі мектептің сұранысына жауап береді.

№	Пән коды мен атауы	Цикл компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	<b>GPS 201</b> Педагогикалық психология	БП/ ЖК	6	Пәннің мақсаты жасерекшелік психологиясы саласындағы білімді және психологияны мектеп жағдайында практикалық қолдануды қалыптастыру. Студенттер әртүрлі қауымдастықтармен (оқушылар, ата-аналар) өзара байланыс әдістерін меңгереді, конфликтология, тәуелділік мінез-құлқының алдын алу, психодидактика негіздерін түсінеді.	Жариялау әдісі; пікір талас әдісі; кері байланыс әдісі, семинарлық әдіс; Кейс-стади.	ОН 3; ОН 4; ОН 6.	Ауызша сауалнама; жазбаша емтихан
2	<b>GPS 202</b> Педагогика және дидактика	БП/ ЖК	6	Пәннің мақсаты – ғылым ретінде педагогика туралы жалпы түсінік пен зерттеуге бағытталған оқыту концепцияларын қалыптастыру. Студенттер педагогика ғылымының дамуының тарихи алғы шарттарын меңгереді, дидактиканың негізгі заңдылықтары мен қағидаларын түсінеді. Студенттер цифрлық құралдарды пайдалана отырып, өзекті ғылыми ақпараттарды ты іздеуді және талдауды жүзеге асырады, педагогика мен дидактиканың іргелі негіздеріне сүйене отырып, өз көзқарасын білдіруге қабілетті.	Проблемалық оқыту; SWOD талдау; жағдаяттық оқыту; RWCT стратегиялары	ОН 2; ОН 3 ОН 6;	Тест
3	<b>GPS 303</b> Критериалды бағалау технологиясы	БП/ ЖК	5	Пән технологияны оқу үдерісінде практикалық қолдануды оқытады. Курс білім беру мақсатындағы таксономияның негізінде және білім алушының білім деңгейіне сәйкес оқыту нәтижелерін бағалаудың	Проблемалық оқыту, төңкерілген оқыту әдісі, рефлексивті	ОН 1; ОН 3; ОН 4;	Жазбаша емтихан



				критерийлері мен формативтік және жиынтық тапсырмаларды әзірлеу дағдыларын қалыптастыра отырып, оқыту нәтижелері мен әдістерінің өзара талаптары мен мақсаттарын үйретеді және бақылаудың рейтингтік жүйесінің тұжырымдамасын ашады	оқыту		
4	<b>СТ(І)Р 104</b> Үздіксіз оқу (танысу) практика	БП/ ЖК	2	Оқу (таныстыру) практикасының мақсаты студенттердің дене шынықтыру мұғалімі мамандығына тұрақты қызығушылығы мен оң көзқарасын дамыту. Практикадан өту барысында студенттер педагогикалық мамандықтың әлеуметтік маңыздылығын түсінеді, сыныптың оқушылар ұжымымен танысу негізінде білім беру ұйымдарындағы оқу және тәрбие жұмысының қазіргі жағдайы туралы, білім беру мекемесінің есептік құжаттамасының құрылымы мен мазмұны туралы түсінік алады, оқушылардың дене тәрбиесі мен дене шынықтыру ерекшеліктерін түсінуді меңгереді.	Практикалық әдістер; рефлексивті оқыту.	ОН 1; ОН 4;	Практика күнделігі, презентацияны қорғау.
5	<b>С(РР)Р 205</b> Үздіксіз (психология-педагогикалық) практика	БП/ ЖК	2	Практиканың мақсаты -студенттерде білім беру процесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі туралы тұтас түсінік қалыптастыру және дене шынықтыру құралдарымен білім алушылардың жеке басын тәрбиелеу. Студенттер дене шынықтыру бойынша педагогикалық іс-әрекеттің мазмұнын, психологиялық бақылау құрылымының ерекшеліктерін, ұжымды және жекелеген оқушыларды зерделеуді жүргізеді, білім алушының психологиялық-педагогикалық мінездемесін құрастырады, сынып жетекшісінің көмекшісі, дене шынықтыру мұғалімі ретінде тәрбие жұмысын жүзеге асырады, ұйымдарда "Күнделік" платформасымен және дене шынықтыру-бұқаралық қызметпен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді.	Проблемалық оқыту, практикалық әдістер	ОН 1; ОН 2; ОН 9	Практика күнделігі, презентацияны қорғау.

**FPS – 5 ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ НЕГІЗДЕРІ**

*Модульдің сипаттамасы:* Модуль-бұл дене шынықтыру және спорт саласындағы педагогикалық мамандықтың теориялық негіздері зерттелетін пәндер. Студенттер тарих, дене тәрбиесі теориясы мен әдістемесінің негіздері, спорт ғимараттары, дене шынықтыру менеджменті туралы түсінік алады. Модуль пәндері студенттердің жаңа идеяларды, әдістерді игеру және қабылдау қабілетін дамытуға бағытталған қосымша білімді игеруіне бағытталған, бұл дене шынықтырудың мәнін білдіретін нақты және сабақтас пәндер туралы білімдерін логикалық және дәйекті түрде көрсету дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

№	Пән коды мен атауы	Цикл компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
---	--------------------	----------------	-------------	-----------------	----------------	-------------	------------------





